

Нұрлан  
ОРАЗАЛИН

ИЕСІ - ХАЛЫҚ,  
КИЕСІ - ЕЛДІҢ  
РУХЫ



ҚАЗАҚСТАН  
ЖАЗУШЫЛАР  
ОДАҒЫНА

80  
Жыл



**«Қазіргі жаһандану жағдайында мемлекеттігімізді нығайтып, тәуелсіздігімізді баянды етуде қаламгерлерге жүктелетін міндеттер аса зор. Сіздер қалың оқырман қауымды әрдайым ортақ мақсат жолына бағыттап, елдік мүддеге жұмылдыратын ұлағатты істердің басында жүрсіздер. Мемлекеттігімізді нығайтып, елдігіміздің күш-қуатын арттыруда, тәуелсіздігімізді баянды етуде қаламгерлер қауымының еңбегі айрықша. Қоғамда қалыптасқан келісім мен жарастықты, достық пен татулықты шығармаларыңызға арқау етіп, бірлігіміздің беки түсуіне үлкен үлес қосып келесіздер.**

**Алдағы уақытта да тәуелсіздік тұғырын нықтап, ұлттық болмысымызды танытуда сөз өнеріне жүктелер міндет еселене түспек. Руханияттың шырақшысы саналар қалам иелерінен халқымыз әркез ойына қанат, бойына қуат, көңіліне шуақ берер жаңа шығармалар күтеді. Әсіресе қазіргідей күрделі дәуірде туған елімізге уақыт шындығын тереңнен толғаған, замана мінезін бүкіл кескін-келбетімен жарқырата көрсеткен шығармалар керек.**

**Төл әдебиетіміз келешекте де замана талабына сай елдік мұратты мақсат еткен кең тынысты кемел туындылармен толысады деп сенеміз.»**

**Нұрсұлтан Әбішұлы  
НАЗАРБАЕВ**

**Қазақстан Республикасының  
Президенті**

(Қазақстан Жазушылар одағының  
XIV құрылтайы делегаттарына жолдаған  
құттықтауынан.

24 қыркүйек, 2012 жыл)



**ҚАЗАҚСТАН  
ЖАЗУШЫЛАР ОДАҒЫНА  
80 ЖЫЛ**

«Сындирман оңсей келісім  
Мас булақтың сұйындай,  
Кірмеген жүрек өз ішін  
Тұра алмас естіе жұынбай.

Тәңірімнің күні жарқыран,  
Ұйқыдан көзім ашар қоз,  
Қуатты ойдаң бас қуран,  
Еркеленіп шығар сөз.»

Абай

«Жауырынды қазық, мойны ұзын,  
Оң тартарға қолы ұзын,  
Душпанына келгенде  
Тартынбай сөйлер асылмын.»

Махамбет

«Менің пірім Сүйінбай,  
Сөз сөйлесем сүйінбай!  
Сырлы сұлу сөздері —  
Маған тартқан сүйіндай!  
Сүйінбай деп сөйлесем,  
Сөз келеді бұрқыран  
Қара дауыл сүйіндай!»

Жамбыл



**ҚАЗАҚСТАН  
ЖАЗУШЫЛАР ОДАҒЫНА  
80 ЖЫЛ**



*«Сөз жазатын адам эри жазушы, эри сыншы  
боларга керек. Сөздү шыр айыл, ажарлы болушуна  
ойдун, шеберлиги керек. Унамды, орынды, дэмди  
болушуна сыншылык керек. Мазманы, таңызды  
болушуна билим керек».*

*Ахмет Байтурсинов*

*«Сун дуние сылат, берип көптөн өтөр,  
Сау калганын көбүсү ертет, бйтер.  
Тоқтамас дуниекн, доңгелеги,  
Шешенн, айткан сөз көпкө кетер».*

*Магжан Жумабаев*

*«Ешбiр опердi кургак тiлек, кургак буйрук  
туурызбайды. Көркөм опердi, мiндегi —  
табиятта элiктөө эмес, онын сырн ашу.*

*Көркөм опер биздi, ишкi дуниемiзге, жан  
жүйемiзге эсер етiп, адамдын калпымызды  
тәрбиелейдi».*

*Мухтар Әбүшев*



Нұрлан  
ОРАЗАЛИН

# ИЕСІ – ХАЛЫҚ, КИЕСІ – ЕЛДІҢ РУХЫ

*Баяндамалар,  
сұхбаттар*



ҚАЗАҚСТАН  
ЖАЗУШЫЛАР  
ОДАҒЫНА

80  
Жыл

АНАРБЫС  
БАСПАСЫ  
Алматы,  
2014



**ӘОЖ 821.512.122.0**  
**КБЖ 83.3 (5 қаз)**  
**О 65**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ  
«ӘДЕБИЕТТІҢ ӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗДЫ ТҮРЛЕРІН БАСЫП ШЫҒАРУ»  
БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ЖАРЫҚ КӨРДІ

Құрастырғандар:

Кәдірбек Құныпияұлы (*жоба жетекшісі*)

Қайырниса Жұмашева

Кенжеғазы Айтжұманұлы

**Оразалин Нұрлан Мырқасымұлы.**

**О 65 Иесі – халық, киесі – елдің рухы:** (*баяндамалар, сұхбаттар*) /*Нұрлан Оразалин.* – Алматы: «Ан Арыс» баспасы, 2014. – 408 б.

ISBN 978-601-7337-83-4

Қолдарыңыздағы жинаққа соңғы жылдар ішінде Қазақстан Жазушылар одағы басқармасы ұйымдастырған құрылтайлар мен пленумдарда, әртүрлі әдеби іс-шараларда Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының төрағасы Нұрлан Оразалиннің жасаған баяндамалары мен сөйлеген сөздері, түрлі басылымдарға берген сұхбаттары топтастырылған.

Қазақстан Жазушылар одағының 80 жылдық мерейтойына орайластыра жарық көрген бұл кітап қаламгерлер мен әдебиет жанашырларына, сондай-ақ оқырман қауымға арналады.

**ӘОЖ 821.512.122.0**  
**КБЖ 83.3 (5 қаз)**

ISBN 978-601-7337-83-4

© Нұрлан Оразалин, 2014  
© «Ан Арыс» баспасы, 2014



## **ЖАДЫНЫ ЖАҢҒЫРТУ – ПАРЫЗ**

**(Баспадан)**

**2** 012 жылдың 24 қыркүйегінде болып өткен Қазақстан жазушыларының кезекті XIV құрылтайының делегаттарына жолдаған құттықтауында Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Қазіргі жаһандану жағдайында мемлекеттігімізді нығайтып, тәуелсіздігімізді баянды етуде қаламгерлерге жүктелетін міндеттер аса зор. Сіздер қалың оқырман қауымды әрдайым ортақ мақсат жолына бағыттап, елдік мүддеге жұмылдыратын ұлағатты істердің басында жүрсіздер. Мемлекеттігімізді нығайтып, елдігіміздің күш-қуатын арттыруда, тәуелсіздігімізді баянды етуде қаламгерлер қауымының еңбегі айрықша. Қоғамда қалыптасқан келісім мен жарастықты, достық пен татулықты шығармаларыңызға арқау етіп, бірлігіміздің беки түсуіне үлкен үлес қосып келесіздер», – деп қаламгерлер қауымының ұлттық мүдде тұрғысындағы еңбегін әділ бағалап, жылы лебізін білдірген еді.

Шындығында да іргесін Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин, Мұхтар Әуезов, Сәбит





Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафиндер қалаған Қазақстан Жазушылар одағы бүгінге дейін әдебиетіміз бен мәдениетіміздің өсіп, өркендеу процестеріне тікелей ұйытқы болып, қыруар шаралар атқарғаны белгілі. Қазіргі таңда еліміздің рухани өмірінің қасиетті қара шаңырағына айналып отырған осынау қаламгерлер ұйымының өткен 80 жыл ішінде жүріп өткен қиын да күрделі, жарқын да жасампаз шығармашылық жолы бар.

Әрине кеңестер одағы тұсында дүниеге келіп, сол өкіметтің алқауымен бұғанасы бекіп, қанатын кеңге жайған кешегі Одақ негізінен атрибуттары идеяланған, көп жағдайда жоғарғы биліктің тапсырмасын орындауға дағдыланған ұйым болғанына көз жұма алмаймыз. Өзінің идеологиялық, саяси-тәрбие жұмыстарының негізгі дем берушісі болып отырған Одақты кеңестік жүйе де шөміштен қақпай, барлық жағдайларын жасап баққанын жоққа шығаруға болмайды.

Қалай дегенде де, ұлттық мүдде мен империялық мақсаттар арасынан қиялап жол тапқан тарихи тұлғалардың еңбегі орасан болды. Соның нәтижесінде жазушылар ұйымы қанатын жайып, жиырмамыншы ғасырдың «Алтын дәуір» әдебиеті өмірге келді.

Ұлтымыз үшін қай дәуір, қай ғасырда да орны айрықша болған «өнер алды – қызыл тіл», яғни қазақтың көркемсөз өнері дамудың жаңа сатысына көтерілді. Ондаған ғасырлық тарихы бар өлең мен жырдың қанат қағуы күшейіп, ұлттық баяндау мектебіміз ерекше серпінмен ілгері жылжыды. Тәржіма саласы жолға қойылды. Балалар әдебиеті мен көркем сын дамыды.





Қысқасы қаламгерлердің бағыт-бағдары анықталып, әлемдік әдеби процеске еркін араласудың жолдары жан-жақты қарастырыла бастады.

Бұл мәселеде Қазақстан Жазушылар ұйымының үлкен істер атқарғаны кешегі бай тарихымыздан белгілі.

Бұл – кешегі күннің шындығы.

Империя ыдырап, идеологияшыл қоғам тұрлаулы тарихтың еншісіне айналды. Жаңа дәуір, жаңа саяси-әлеуметтік, экономикалық қарым-қатынастар өмірімізге дендеп ене бастады.

Қазақстан өз тәуелсіздігін алып, дамудың жаңа кезеңіне қадам жасағаннан кейін жағдайдың күрт өзгере бастағаны да ақиқат. «Балапан – басына, тұрымтай – тұсына» демекші, қоғам мүлде жаңа формацияға көшіп жатқанда Жазушылар одағы да басына бұлт үйірілген кезеңдерден өтті. Кешегі кеңестік одақ елдерінің ішінде бөлінбей, жіктелмей, шаңырағын құлатпай ұстап қалған бірден бір шығармашылық ұйым Қазақстан Жазушылар одағы ғана екенін де бүгін «достарымыз сүйініп, дұшпандарымыз күйініп» айтып жүргенін жақсы білеміз. Осындай «тар жол, тайғақ кешуден» өткен Одақ, міне, 80 жылдық мәртебелі мерейтойын атап өткелі отыр.

Жаһандану дәуірінде уақыттың ерекше жылдамдыққа ие болғанын бәріміз де айрықша сезінудеміз. Өткен күндер санатына айналған айлар мен жылдар күні кеше ғана болған сияқтанғанмен, тарихтың тозақ шалған беттерін жауып барады. Жадыны жаңғыртып отыру – парыз. Оқша зымыраған жүйрік заманда санадан сызылып қалмай кез-келген тарихи оқиғалардың таңбаланып, кейінге аманатталуы қажет.

Алғашқы құрылтайы Алматы қаласында 1934 жылы 12–18 маусым аралығында өткен Қазақстан Жазу-





шылар одағының құрылғанына 80 жыл толуына орай шығарылып отырған бұл жинаққа соңғы 20 жыл ішінде Қазақстан Жазушылар одағы басқармасы ұйымдастырған құрылтайлар мен пленумдарда, әртүрлі әдеби іс-шараларда Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының төрағасы Нұрлан Оразалиннің жасаған баяндамалары мен сөйлеген сөздері, түрлі басылымдарға берген сұхбаттары жинақталып, енгізілді.

Осыдан екі жыл бұрын, яғни 2012 жылы кезекті XIV құрылтай қарсаңында «Ан Арыс» баспасынан 2007–2012 жылдар аралығындағы «Әдеби өмір шежіресі» жарық көріп, оқырмандар назарына ұсынылған болатын. Бұл кітаптың өзі бұрынғы жылдары жарық көрген «Әдеби өмір шежірелерінің» заңды жалғасы-тұғын. Осы жинақтарда соңғы жылдардағы әдеби өміріміздегі іс-шаралар кеңінен қамтылды. Сондықтан ішінара кейбір қайталауларға ұрынбас үшін бұл жолғы мерейтой қарсаңында ұйым басшысының баяндамалары мен сөздерін жинақтап, қалың оқырмандар назарына ұсынуды жөн көрдік. Кез-келген саяси немесе әдеби жиындар мен басқосулардың негізгі тіні мен темірқазығы баяндамаларға және қорытынды сөздерге жүктелетінін ескерсек, қолдарыңыздағы жинаққа енгізілген дүниелерден де әдеби-қоғамдық өміріміздің тамыр бүлкілін тап басып аңғара аларымыз сөзсіз.





## **ЖЫЛДАР ЖАҢҒЫРЫҒЫ**

*(Қазақстан Жазушылар одағы басқарма төрағаларының  
баяндамаларынан):*

**«Адамның санасын, жан дүниесін қайта  
істеп, қайта жасауда жазушылар адам жанының  
инженері болуы керек».**

**Сәкен Сейфуллин**

*(Қазақстан жазушыларының  
I съезінде сөйлеген сөзінен).*

**1934 ж.**

**«Мақтанбаған жақсы нәрсе, біз жазушы  
болсақ жұртшылық жазуымыздан танысын.  
Жазушының өзін танытатын кітабы, қаламы.  
Жазушыны жазу танытады».**

**Ілияс Жансүгіров**

*(Қазақстан жазушыларының  
I съезінде жасаған баяндамасынан).*

**1934 ж.**







«Көркем әдебиет, ең алдымен, тіл шеберлігі... Шығарманың тілі олақ болса тартымды бола алмайды. Сөздің ары: бейнелеу, теңеу, салыстыру».

**Сәбит Мұқанов**

(Қазақстан жазушыларының  
II съезінде жасаған баяндамасынан).  
1939 ж.

«Біздің әдебиетіміз – халықтық әдебиет. Оның арқауы – халықтың өмірі, ойы, ісі. Ол соларды айнадай көрсетіп тұрады».

**Ғабиден Мұстафин**

(Қазақстан жазушыларының  
III съезінде жасаған баяндамасынан).  
1954 ж.

«Қай жанрдың болсын, қай жазушының болсын, қолы жеткен табысы заманымыздың тақырыбын қаншалық игере алғандығымен өлшенуі керек. Сол жаңа тақырыпты қаншалық көркем етіп көрсете алғанымен бағалануы керек».

**Ғабит Мүсірепов**

(Қазақстан жазушыларының  
IV съезінде жасаған баяндамасынан).  
1959 ж.





«Қазақстан жазушылары, социалистік мәдениеттің алғашқы өкілдері мәжіліс құрған бірінші съезімізде небәрі он-онбес шақты ғана ақын-жазушы бар еді. Содан бергі аралықта ондаған жылдар жатыр. Содан бергі әрбір съезде, әрбір әдеби жиналыста біздің қатарымызға келіп қосылған жаңа есімдер қуанышпен ауызға алынып, әрбір жаңа кітап, олқылығы болған күннің өзінде, жылы лебізбен қабылданып, жағымды эпитеттерге ие боп жатты».

**Әнуар Әлімжанов**

*(Қазақстан жазушыларының VI съезінде жасаған баяндамасынан).  
1971 ж.*

«Асылы, планетамыздың өмірінде әдебиет үшін қызғылықты емес тақырып жоқ. Барлық суреткерлердің, жазушылардың алдына ең қиын да күрделі міндеттер бүгін айрықша қойылып отыр. Жазушының қоғамдағы орны, оның адамды рухани жағынан жетілдіре түсудегі ролі ешқашан да дәл осыншалық мән-маңызға ие болып көрген емес-ті. Қазір ол өз заманының тек көркем шежірешісі, тек қана талантты жазушысы болып қоймауы керек, сонымен бірге әрі күрескер, әрі насихатшы, үгітші болуы керек; сұлулықты ғана жырлап қоймай, жаманшылық атаулының бәріне батыл қарсы шығуы шарт. Өйткені, жер бетінде болып жатқан оқиғалардың бәрі, адамзат тіршілігіне қатыстының бәрі





– әлемдік апаттардың жаңғырығы да, саясаттағы қызу талас-тартыстар да, адамның жеке басының қуанышы мен күйініші де, қоршаған ортаға қамқорлық та – жазушының жан-жүрегі арқылы өтеді, соның бәрінің жазушы тағдырына да қатысы бар. Осыны жақсы сезінгенде ғана суреткер өз заманының көзі мен құлағы бола алады, сонда ғана өзі өмір сүріп отырған уақыт жайлы жайсаң шығарма жаза алады».

**Жұбан Молдағалиев**

*(Қазақстан жазушыларының VIII съезінде жасаған баяндамасынан).  
1981 ж.*

«Өз заманының ауыр жүгі. Бұл бейнелі сөз өзім сүйіп, жиі қайталайтын «Соңғы түйенің жүгі ауыр» дейтін мақалды есіме салып тұр. Өйткені алға кеткен керуеннен түсіп қалған тең әлбетте соңғы түйеге артылады. Тәжірибелі керуенбасылардың ең көнбіс нарды соңынан салатыны да содан.

Жазушы пешенесіне өткен ұрпақтың жолында қалған салмақты сымбалды арқалау жазылған. Мұның сыртында өз заманының одан бір де жеңіл соқпайтын жүгін арқалау да – соның еншісі мен міндеті».

**Олжас Сүлейменов**

*(Қазақстан жазушыларының IX съезінде жасаған баяндамасынан).  
1986 ж.*





«Қазақстан Жазушылар одағы қашан да ел өміріндегі игілікті істерге өз үлесін қосып келген болса, егемен ел болғаннан кейін де осы бағыт-бағдарда қызмет етіп келеді. Соның бір жарқын көрінісі – дүниежүзі қазақтарының Алматыда бас қосуына бастамашы болып, әрі ұйымдастырушылардың қатарынан табылды. Оны Елбасының қолдап, Қазақстан Үкіметі игілікті істі жүзеге асыруға көмек көрсетті. Соның нәтижесінде ондаған мың қандастарымыз ат басын атамекендеріне бұрып, қатарымызға қосылды.

**Қалдарбек Найманбаев**

*(Қазақстан жазушыларының XI съезінде жасаған баяндамасынан).*

*1996 ж.*



## СУРЕТТЕРГЕ ТІЛ БІТСЕ...













